



2019 жылдын 26 карашасы сагат 11.00-де С.Жиенбаев атындагы облыстык жасоспірімдер кітапханасында «Ак кауырсын» клубынын мүшелерімен бірге «Жастар жылына» орай «Жан серігім - домбыра» Республикалык байкаудын жеңімпазы Сансызбаев Нұрбек Мұратбекұлымен «Жалынды жастар – болашак иесі» атты кездесу кешін өткізді.

Максаты: Дәстүрлі әнші Нұрбек Мұратбекұлының шығармашылығын таныту, өз арамздан шыққан үздіктерді жас толқынға үлгі ету. Білім мен еңбекті ұштастырудың нәтижесінде жетістіктерге жеткен азаматтардың істерімен таныстыру. Казактын мәдениетін, өнерін, әдебиетін насихаттау.

Ол казактын кара домбырасын жанына серік етіп, кошпелі мәдениеттің көне, бай мұрасын қайта жанғыртқан нағыз талант. Нұрбек Мұратбекұлы Ырғыз «Аймақты әнмен тербетіп» облыстық байкаудың бас жүлдегері, Нұр-Сұлтан қаласы «Азаттық үні» республикалық байкаудың бас жүлдегері, сондай-ақ «Жан серігім - домбыра» атты Республикалық байкаудың жеңімпазы атанды. Казак ұлттық өнер университетінің 2019 жылғы түлегі. Қазіргі таңда Шалқар ауданында Қазанғап Тілепбергенов атындағы саз мектебінің қызметкері. Дәстүрлі әнші.

Кеш барысында Нұрбек Мұратбекұлы өмір жолын айта отырып, жетістіктерін, жасаған еңбектерімен таныстырды. Шараға келген жастар дәстүрлі әнші Нұрбек Мұратбекұлына көптеген сұрақтар қойып, қызықты әңгімелер тыңдап, ойын ойнатылды. Сонымен қатар әншінің орындауында дәстүрлі әндер тыңдалды. С.Жиенбаев атындағы облыстық жасоспірімдер кітапханасының директоры Гүлжайнар Нәренқызы дәстүрлі әнші Нұрбекке жылы лебізін айтып, естелікке сыйлық берді.

Кеште «Арайлы Ақтобенің мақтаныштары» кітап көрмесі жасакталып, көрмеге Лаура Ерікқызы библиографиялық шолу жасады. Тақырыпқа сай слайд көрсетілді. Шараға АГУ «Тарлан» колледжінің студенттері және №39 орта мектебінің оқушылары, оқытушылар мен оқырман қауым қатысты.

«Жалынды жастар – болашак иесі» атты кездесу кеші

Автор: Administrator
26.11.2019 00:00 -

